

## **Термиялық процесс**

Күйе алудың термиялық процесінің ерекшелігі, күйенің түзілуі бұл жағдайда шикізаттың, әдетте табиғи газдың тікелей термиялық ыдырауымен өтеді. Процесс периодтық әсердегі пештерде іске асады. Кондырғы диаметрі 4-5 м және биіктігі 7-8 отқа төзімді, шамотты насадкамен толтырылған екі пештен тұрады. Бір пеш қызғанда, күйе алудың жұмыс циклі іске асатын екіншісі сұтынылады. Қыздыру циклі кезеңінде пешке отынның толық жанып кетуіне жеткілікті мөлшердегі, негізінен сутектен, табиғи газдан және ауадан тұратын, рециркуляцияланатын газ енгізіледі. Газды жағу нәтижесінде пештің насадкасы 900-1400°С температураға дейін қызады. Қажетті температураға жеткеннен кейін қыздыру тоқтатылады және пешке табиғи газ, пештегі температура оны крекингілеуге жеткілікті жоғары болғанша дейін, беріледі, одан кейін қыздыру циклі қайталанады. Жұмыс циклінен кейін пештен шығатын газдар сумен салқындалылады, циклоннан және сұзгілер жүйесінен өтеді, одан әрі екінші пешті қыздыру үшін рециркуляцияланады. Күйе циклондардан және сұзгілерден шнек арқылы қоймаға беріледі.